

1 2008  
794 к

СПОРТ  
САНЛАКТАРЫ



Қыдырбек  
РЫСБЕКУЛЫ

# БЕРИККАЗЫ







СПОРТ  
САНЛАҚТАРЫ

Қыдырбек  
РЫСБЕКҰЛЫ

# БЕРИКҚАЗЫ



“Ер-Дәүлет”  
Астана  
2007

ББК 75. 579

Р 94



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТИНІҢ  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Kýrýdýrbek Rýsbeckýl  
BPICEKALPI

EPEK KAZAPPI

Қыдырбек Рысбекұлы

Берікқазы. Қазақ-орыс тілінде. Ауд. /Т. Әсемқұлов

Р 94 – Астана: Ер-Дәulet, 2007. - 312 бет + 8 бет жапсырма.

ISBN 9965-32-476-X

Бұл кітапта көгалдағы хоккейден КСРО-ның алты, Малайзияның екі дүркін чемпионы, Қенес одағы және малай чемпионаттарының үздік мергені, кезіндегі КСРО құрамасының белді шабуылшысы Берікқазы Сексенбаевтың бейнеті мен зейнеті қат-қабат жеңіс жолы, даңқты спортшының жанкуйер көзінен таса сәттері арқау болған.

Кітап қалыңқ оқырманға арналған.

4201000000

Р-----хабарландырылған, 2007  
00(05)-07


ББК 75. 579

ISBN 9965-32-476-X

© Рысбекұлы Қ. 2007  
© “Ер-Дәulet”, 2007

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҮЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КİТАПХАНАСЫ

№ 00163264



## **Берікқазы Сексенбаев**

**Көгалдағы хоккейден**

**КСРО-ның 6 дүркін чемпионы,**

**КСРО чемпионаттарының 2 мәрте**

**үздік мергені,**

**Малайзияның 2 дүркін чемпионы,**

**Малайзия чемпионаттарының 5 мәрте**

**үздік мергені,**

**Малайзия чемпионаттарының 5 дүркін**

**үздік ойыншысы,**

**“Азия жүлдөздары” құрамасының мүшесі,**

**Көгалдағы хоккейден Олимпиада ойындарына**

**қатысқан тұңғыш қазақ спортшысы,**

**КСРО құрамасы сапында әлем жөнне Еуропа**

**чемпионаттарында,**

**Әлем кубогі бәсекелерінде**

**бақ сынады.**

**Казақстан Республикасының еңбек сіңірген**

**спорт шебері.**

# ОЛИМПИАДАНЫҢ ҚОЛМЕРГЕН ҚАЗАФЫ

Барселонаның ми қайнатар ыстығы адамды еріксіз көлеңкеге сүйрейді. Көлеңке жердің өзінде өкпен қысылып, тынысың тарылып, қара терге түсесін. Желдеткішті қоспасаң, қонақ үй де қапырық.

Вагондар ерсілі-қарсылы жүйткіп жатқан жер асты станциясына түскенде ғана жан сарайың ашылып, кеудені керіп, тыныстап қаласың.

Көгалдағы хоккей додасы өтіп жатқан «Террассе» стадионы Барселонаның орталығынан едәуір қашықта. Метродан трамвайға ауысып мініп, «Терассеге» жетсек, жігіттер су себілген жасыл аланда ойқастап жүр.

«Спорт» газетінің сардар фототілшісі Дендербай Егізов, «Егеменді Қазақстанның» (қазір «Егемен Қазақстан» - Қ.Р.) спорт шолушысы Ермұрат Бәпі үшеуміз журналистерге арналған орынға жайғасқанша ойын басталып кетті.

КСРО-ның іргесі сөгіліп, Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) деген атпен келген құраманың бүгінгі қарсыласы – Голландия хоккейшілері.

Стадион толы жанкүйер екі құрама беттескен сэтте гу ете қалды. Жігіттер тобықтан су кешіп жүр. Аланға су сеппесен, шақырайған күн астында сайыска түсу ете ауыр. Жанұшыра жүгірген әр ойыншының өкшесінен су шашырап бара жатады. Доптаяқтың имек басынан шырқырай ұшқан доптың бауырынан да су сорғалайды. Біздің көзіміз үйренбеген көрініс.

Екі жақтың сайдың тасындан іріктелген ойыншылары шүү дегеннен тізгінді қолға алуға күш

салды. Голландиялықтардың ойынға әбден сайланып шыққаны көрініп тұр. Он бір ойыншы бір адамның он бір мүшесі тәрізді. Алаң шетіндегі бас бапкер – он екінші мүше – негізгі нұсқау, негізгі жүйе соның қолында. Еуропаның бір пүшпағында коныс тепкен елі қандай ұйымшыл, қандай берекелі болса, аландағы ауызбірлік, бірін-бірі қабақтан ұққан сезімталдық, тамырын тереңнен тартқан тактика, шашаусыз қимыл-қозғалыс, бәрі-бәрі бұл құраманың алысқа сілтейтінін анғартады. Олимпиаданың шырқау шынына қол созуға бақ пен бап бірдей керек. Голландия құрамасының бабы келісіп тұр екен. Бағы жанса, небір мықтыға азу басуға шамасы жететін тәрізді.

Кешегі Кенес құрамасын бүгін тану қыын. Мұхиттың таудай толқындары бағытынан жаңылдырып, қайранға шөккен алып кеменің кебін киген Кенес одағының тағдырын аландағы құрамасы айтқызбай-ак танытып тұр. Бұрынғы кеуде, бұрынғы екпін жоқ. Голландия – жарауы келіскең тұлпар, ТМД – аяғына жем түскен жүйрік. Ойын бел ала бастаған тұста Голландияның жеңетініне күмән қалмады.

ТМД-ның бір ғана ойыншысы екі иығын жұлып жеп, шабуыл мен қорғаныстың бүйдасын тең ұстап жүр. Қараторы жігіттің бидайықтың көл жайқаған жалғызындағы қимылды жанымызды жадыратып отыр. Өзіміздің Берікқазы. Добы қақпаға түспесе де аяқ тастасы бөлек. Жұдырықтай допты алдына салып қуғанда айызың қанады. Дене бітімінің өзі ұзақ сонар шабысқа сұранып тұр. Төртпақ деуге келе қоймайды, дембелше, кеудесі көріктей. Аяқ-колы балгадай. Ішкі тегеурін мен сыртқы бітім үйлесім тапқан нағыз қазақ! Шіркін-ай, ТМД құрамасы дәл Берікқазы тәрізді он бір ойыншыдан жасақталса, осы Олимпиаданың «алтынын» шаптап алар еді-ай. Әнене, қараңыз, бір Берікқазының өзі голландықтардың қорғаныс шебін

бой-бой қылып сөгіп таstadtы. Бірақ казақ жігітінің доптайғынан шыркырай үшқан жұмыр доп қақпадан сәл қыыс кетті. Стадион толы жанкүйер біздің бауырымызға қошемет көрсетіп, қол соғып жатыр. Біз Берікқазы қақпаны нысанана алған сәтте орнымыздан тұрып кеткенбіз.

Сексенбаевтың үзенгілестеріне қапа екенін аңғару қыын емес. Командаластарының басым көвшілігі сар желістен аспайды. Олимпиадаға емес, окужаттығу жиынына келген тәрізді. Сырттай қадағалап отырып намысын келеді. Берікқазының жерлесі Игорь Юльчиев те жанын салып жүр. Сос Айрапетян, Сергей Плешаков, Юрий Сафонов секілді жігіттер тым сылбыр. Состың тізесінің жаракаты бар. Эйтпесе, қызуқанды Айрапетян аянбас еді. Алматылық Игорь Атанов пен минскілік Виталий Холоповтың жоқтығынан құраманың жартылай корғаныс шебі мен шабуылы осал соғып тұр.

Атанов аяқтан қалды. Холопов бас бапкер Михаил Осинцевпен ілігісіп, соның салдарынан құрамадан шеттетілді.

Тоқсан бірінші жылғы Еуропа чемпионатында Атанов – Айрапетян – Холоповтар кәрі құрылыштың небір азұлы командаларының құтын қашырып еді. Сол жолы қола медаль үшін айқаста КСРО құрамасы Англиямен итжyғыс түсіп, пенальти ұруда 4:5 есебімен сәтсіздікке ұшыраған болатын. Іріктеу ойындарында үш доп соққан Берікқазы пенальтиде қапы қалып, жігіттердің алдында жер шұқып отырып қалған. Сол жолы Владимир Кашкар мен Сергей Шатковский де допты торға түсіре алмай сан соққан еді. Ал бүгін кешегі КСРО, бүгінгі ТМД құрамасын тану қыын. Бас бапкер Михаил Осинцев шарасызыдан алаң шетінде тенселіп жүр. Тұрі өрт сөндіргендей.

Ақыры, не керек, Голландия хоккейшілері ТМД құрамасын 5:2 есебімен тізе бүктірді. Жер көлемі

Қазақстанның бір облысындағы ғана Голландия жер шарының алтыдан бір бөлігін бауырына басқан кешегі Кеңес одағын тас-талқан қылып женді. Батысында мұхитқа бетін төсеген шағын елдің ұйымшыл, шамдағай жігіттері төреші ыскырық шалған сәтте қуаныштарын жасыра алмай шаттанды дейсін. ТМД құрамасы мойнынан су кетіп, шашыраған тарыдай алаң шетіне беттеді. Берікқазының өңі күренітіп кеткен. Тұла бойын тер жуған бауырымызды кезек-кезек құшағымызға қыстық. Маңдайынан сүйдік. Мұндайда не айтарынды білмейсін. Үлкеніміз Дендербай Егізов: «Сенен артық ойнаған жан болған жок», – деп сәл шегіне бере фотоаппаратын шыртшырт еткізді. Ермұрат: «Басы қатты болса, аяғы тәтті болады», – деп зорлана жымиды. Берікқазы төмен караған күйі басын изеді.

Берікқазы құраманың соңынан жуынуга бет алды. Біз стадионның көлеңке тұсында хоккейші бауырымызды күтіп отырмыз.

– Берікқазыны дәл мұндай мықты ойынши деп ойламаған едім, – деп Ермұрат ағынан жарылды.

– Қатарынан екі жыл Қеңес одағының бас мергені болу нағыз жігіттің ғана қолынан келеді, – деп, Дендербай ағамыз екі иығын кезек қомдап қойды. – Беріктің талай ойынын көрдім. Бүгінгі шабысы бөлек. Біз көлеңкеде әзер отырмыз. Ол болса, шыжыған күннің астында талмай шабады. Нағыз бабында екен.

– Бауырымыздың басқалардан озық ойнағаны қандай ғажап, – деп мен де әңгімеге араластым.

– Корғаныста Марат Жексенбеков болғанда біздің қақпаға бес доп түспес еді.

– Даұрыс айтасың. – Дендербай аға тамағын кенеп қойды. – Марат доптаяғын сол жағына ұстап алып жүгіргенде небір мерген шабуылшың білгенінен жаңылады. Мараттай қорғаушы бүкіл әлемде кемдекем. Осинцевтер бағын байлады ғой.

– Александр Мясников пен Олег Загороднев ауырып қалмағанда Голландияны жеңуге болар ма еді? – деп Ермұрат біз күтпеген сауалды қөлденең тартты.

– Кім біледі? – Дендербай аға сұраулы жүзбен қарады.

– ТМД құрамасынан бақ тайған тәрізді. Қырық рудан құралған құрама. Ауызбірлік жок.

Ермұрат үндеген жок. Темекісін құшырлана сорып, ойға шомды.

Берікқазы жігіттердің алды болып сыртқа шықты. Төртеуіміз Олимпиада қалашығына баратын автобусқа міндік. Әлгінде жасыл аланда жай оғындај жарқылдаған жігіт сөмкесін тізесіне қойып, шалқайыңқырап отырды. Әбден шаршағаны жүзінен білініп тұр.

– Қорғаныста Марат ағамдай бір адам болғанда...

– Берікқазының бұл сөзінен есеміз кеткен ойынның әсерінен арыла алмай келе жатқанын айқын ұқтық.

– Мен де доп соға алмадым.

Кейінгі жылдары аланнан құр кетпеуге дағдыланған бауырымыздың жан дүниесі алай-түлей. Біздің де жетісіп келе жатқанымыз шамалы.

– Сендер жуынуға кеткенде Маратты ауызға алып едік. Ойымыз бір жерден шықты, – деп Дендербай аға әнгіме арнасын Жексенбековке бұрды.

– Егер көгалдағы хоккей туралы бірдене білетінім рас болса, осы Олимпиадаға Марат секілді мықтыларғана келуі керек еді, – деп Берікқазы ойын нығарлай түсті.

Сексенбаевтың бүкпесіз айтқан мына сөзі тұла бойымды шым-шым еткізді.

Қайран, Марат! Олимпиада дуына түспесең де тү-ү-ү Еуропаның бір қызырындағы бауырларының аузында жүрсін. Сенің доптайқтың қайқы басын төмен қаратып, сол жағыңа ұстайтының талайлар үшін тан

нәрсе. Көгалдағы хоккейдің есеп-шотын қағатындар дүние жүзінде доптаяқты солақай ұстайтын екі ойыншы бар, бірі – Марат, екіншісі – пәкістандық хоккейші деседі... Солай болса, солай шығар. Кенес одағында көгалдағы хоккей тұсау кескен жетпісінші жылдардың басынан бері сенен басқа солақай хоккейшіні көрген емеспіз.

– Марат ағаға шетелдік ойыншылар қызыға қарайды. – Берікқазының езуіне әдемі құлкі үйірліді.

– Голландия, Испания, Үндістан жанкуйерлері талай рет ортаға алып, солақайлығын қызықтағанын көзім көрді. Марат – нағыз хоккей үшін туған адам. Жексенбеков қорғаныста тұрганда арқамызды тауға тірегендей сезінеміз. Сезімтал, батыл, төзімді, қысқасы, жер шарының ең үздік он қорғаушысын сапқа қойсаңыз, солардың маңдай алдында тұрады менің Марат ағам. – Төртеуіміздің де кеудемізді мактаныш кернеп, автобус ішінде Алматының майда қоңыр желі ескендей, бір көтеріліп қалдық.

Автобустағы өзге ойыншылар төрт қазактың не деп шүйіркелесіп отырғанынан бейхабар. Алдыңғы қатардағы Михаил Осинцевтің қабағы катулы. Кей жігітке бүтінгі сәтсіздік әсер етпеген тәрізді.

Автобустың арт жағында аяқты айқастырып тастан, сағыз шайнап отырған үш ойыншы сәтсіз сыннан емес, ұлан-асыр тойдан қайтқан құдалар тәрізді. Бұлардың орнында Марат болса, намыс буып, жанарымен жер шүқып отырап еді.

Шіркін, Марат! Өзіне қарсы салған шабуылшыны алдаусыратып, солға қарай ойыса береді. Шабуылшы доптаяғын сол жағына ұстаган қорғаушының он жағынан зу ете қалуға әрекеттенеді. Бірақ қас-қағымда доптаяғын он қолына ауыстыра қойған Марат жұдырықтай допты іліп тұседі. Көп қорғаушы шабуылшының добын қағып жіберуге әрекет

қылса, Марат Жексенбеков допты тартып алғып, қарсы шабуылға көшеді. Тек Кеңес одағының азұлы шабуылшылары ғана емес, Еуропа мен Азияның аузымен құс тістеген мықтылары Жексенбековтің «қақпанына» талай рет түсті.

Иә, бүгінгі ойында Мараттың орны ойсырап тұрды...

Берікказы ой құшағына берілген тәрізді. Назарын сыртқа тігіп, үнсіз отыр. Автобустары – нағыз су төгілмес жорға. Бір қақпайды. Ес білгеннен Кеңес одағының жайсыздау қөлігіне үйренген қазақ үшін таңсықтау. Таңырқаудан аулақпыз. Капиталистік дүниенің топырағын алғаш басқан Ермұрат екеуміз көз жетер жерді ақырындан шолып келеміз. Олимпиада бояуына барынша малынған Барселона ерекше құлпырып тұр. Ескі мен жаңа үндестік тапкан тарихи қала ішіне сан ғасырдың сырын бүгіп жатқаны анық. Атакты жиһангер Христофор Колумбтың отаны дәл казір қатпар-қатпар тарихынан гөрі жұмыр жердің назарын өзіне аударған Олимпиадамен асқақ.

1992, яғни, мешін жылғы XXV жазғы Олимпиада ойындары – Испания тарихы үшін осы ғасырдағы қайталанбас оқиға.

Осы ұлы лектің бел ортасында жүрген Берікказы үшін де бұл Олимпиаданың орны бөлек. Қазақ қазақ болғалы көгалдағы хоккейден Олимпиада дүнина тұңғыш түсіп отырған Берікказы Сексенбаев екен! Біле білгенге бұл да бақыт. Ғасырлар бойы басынан бұлт арылмаған қазақ жүртynың Олимпиада көшіне қосқан хоккейшілерінің серкесі болу Берікказының маңдайына жазылыпты.

1980 жылы Мәскеу олимпиадасының қола жүлдегері атанған кеңес құрамасының сапында Саян Шаймерденов болуға тиіс еді. Дәл Олимпиада қарсаңда кеңес құрамасының бас бапкері Эдуард

Айрих төсек тартып жатып қалып, мәскеулік мысықтілеу жаттықтырушылар алғып державаның сан додасында олжа салған ақберен хоккейші Саян Шаймерденовке көпе-көрнеу қиянат жасады. Саян Кенес құрамасынан шеберлігінің кемдігінен, ойынының осалдығынан емес, қазак болып туғаны үшін шеттетілді. Сондағы бас бапкер осы Михаил Осинцев болатын.

1988 жылғы Сеул олимпиадасы қарсаңында Серік Қалымбаев нағыз бабында еді. Кенес құрамасының барлық жиынында ерекше көзге түскен қазақ хоккейшісі Мәскеудегі ең шешуші іріктеуде тізімге ілікпеді. Серіктің сондағы құйінгені Берікказының көз алдында. Сексенбаев та үміткерлердің қатарында тер төккен еді. Бірақ Сеулге баратынына сенімі аз еді...

Барселона олимпиадасы таяған сайын Берікказы Саян мен Серік ағалары басынан кешкен жағдайды қайта-қайта ой елегінен өткізді. Жүрек қобалжулы. Көнілді қауіп мендеді. Барселонаны бетке ұстаған ұшақ табалдырығынан ішке аттаған сәтте тұла бойын сүйк тер жауып кетті.

... Енді, міне, соның бәрі елес тәрізді. Осынша зарығып, таусылып жеткен Олимпиаданың алғашқы бәсекесінде сүрінген қандай өкінішті. Іші удай ашиды.

\* \* \*

*Иә, Олимпиада дуына тұсу – Берікказының бала күннен арманы. Мәскеу олимпиадасы жер жаңанды дүркіреткен тұста ол он үштегі ойын баласы еді. Таңертенген түннің бір уағына дейін теледидардан көз алмайды. Мұның спорт құмарлығы өзге балалардан бөлек. Қөрші балалар бір мезгіл ойынның соңына түссе, Берікказы Олимпиаданың қас-қагым сәтін қалт*

жібергісі келмейді. Үйдегілер кино-концерт коруден қалды. Экесі Төлеубек: «балам, теледидарға көп қадала берме, көзің талады», – деп талай ескертті. Жайшылықта әке сөзін екі етпейтін Берікқазы үнтуңсіз отыра береді. Көгалдағы хоккей басекесі десе, тіпті естен айырылады. Комментатор Диас Омаровтың даусын естісалателедидардың дәлалдына отырып алатынды шыгарды. Анасы Бұлбұлназ: «Түү, мына бала көзілдірік киоге құмартқан екен», – деп күйіп-піседі. Оны елең қылатын Берік пе?!

Александр Гончаров қарсы қақпаны нысанага алған сәтте орнынан атып тұрады. Доп торға түссе, өзі соққандай шаттанып, аспанга қарғиды. Ағалары Төлеугазы мен Жұмагазы ту сыртынан күліп отырады. Анасы «Берікжсан-ау, сонша есің кеткені несі?» деп күліп қояды. Берікқазы мұның бірін де елең қылмайды. КСРО құрамасы шабуылга көшсе, жұдырығын тасқып түйіп, орнынан тұрып кетеді. КСРО хоккейшілері жсан-дәрмен күйде қорғанып жатса, арқасын орындыққа тіреген күйі тісін шықырлатып отырганы. «Әке – балага сынши». Көпті көрген Төлеубек осы ұлының бойындағы ерекше қабілет-қарымды қапысыз аңгарды. Бұл бірдеңе білсе, мына баланың арқасы бар. Көп сөзге жсоқ, тұйықтау баланың хоккей үшін күйіп-жсануы тегін емес. Берігінің бала бол жөнсіз қылыш танытқанын, әлі жетемтін құрдасын жәбірлегенін, жасағымсыз мінез-құлқын көрмепті. Көрші балалар ренжістсе, ешкімге ләм-мим демей, оңашада жылап алады да, түк болмағандай ойнат кете береді. Ешкіммен төбелеспейді. Ал... мынадай мінезін көрген емес. Құдды, хоккейдің ішінде жүргендей. Құраманың бар ойыншысын жатқа біледі екен.

Берік әлі елітіп отыр. Басқа дүниені ұмытқан.

«Осы ұлым хоккейді шындаң қуып жүрмесін...» Төлеубек санада қылаң берген ойына іштей күлді.

«Несі бар, Олимпиадаға барғандар да бала болмады дейсің бе?...»

Берікқазы қыста шайбалы хоккей ойнат, жазда №6 спорт мектебінде ала доптың соңында жүрді. Төлеубек ұлының бұл талабын балалық ауесқойлыққа балаған. Бүгінгі кеш әке көкейіндегі ойдың өрісін ұзартта тусты. Берігінің талабы құр ауесқойлықтан биік тәрізді. «Осы ұлым нағыз жараттығудың не еkenін біле ме екен?» деп ойлайды Төлеубек. Берікқазы қызыжасы сөмкесін ишегіна асып, жараттығуга кетеді. Экесі ұлының алтынышы спорт мектебінде еkenін біледі. Бірде ұлынан «Командаларың қалай атапады?» деп сұраған. Берікқазы «Біздің команданың аты жоқ», деп жасауп берді. Бірақ іштей ыңғайсыз күй кешкені өнінен білініп қалды. «Орталық стадионның жасында жараттығамыз», деді ұлы іштегі буырқанысын сездіргісі келмей. Төлеубек үндеген жоқ. «Мықты бір команданың ізбасарлар тобына кірмейсің бе?» деген сұрақ тілінің ұшында қалган.

... Төлеубек ұлының ту сыртынан көз тоқтата қарады. Қызмет бабымен үйден ерте кетіп, кеш оралады. Берігінің балғын денесі кәдімгідей шымыр. Аяқ-қолы сіңірлі. Күнқақты жузі сүйкімді. Қыр мұрынды, қабагы ашиқ. «Алла жасаса, енді төртбес жылда зіңгіттей жігіт болады», – деген ой Төлеубектің көкірегін майда желтіп өтті.

Берігі шыр етіп дүние есігін ашқан күні Алматының жартастысы «Төлеубектің әйелі алып ұл туды», деп дуылдасып еди. Иә, Берікқазыга босанарда Бұлбұлназдың толғагы ауыр болды. Сол бейнетіне қарай өмірге келген торсық шеке ұлдың салмагы бес килограмм тартты. Сәбінің шүу дегеннен көптің аузына іліккені Төлеубектің көңіл түкпіріне бір әдемі ойды қондырғанын ешкім білмейді. «Мына жаман түбінде біздің әулеттің атын көкке көтерсе, қандай

*занибет!...»* Бұл ойды санасына құдай ұялатты ма, алде аяқ астынан түгән арман ба, ол жағы Төлеубекке беймәлім. Ағайын-түгән, дос-жарандар: «Әйелің Қажымұқандай ұл туды. Құтты болсын!» – деп жансағынан қаумалап, құттықтай бастаганда жарқ ете қалған сол бір ой әредік жаңғырып, жүргегін аппақ нүрге малғандай болады. Сол ұлы, міне, дәл алдында – теледидардың ішіне еніп кетердей емініп отыр.

... Арада екі жыл өтті. Берікқазылардың тобы шайбалы хоккейдің тай жарысына қосылды. Берікқазы Қазақстанның шайбалы хоккей біріншілігінде бақ сынаган команданың білдей шабуышысы. Он бесстегі жасөспірім айдын төсінде кәдімгідей ойқастады. Шеберлік кем болғанмен, құмарлық, жанкештілік басым. Сексенбаев әр бәсекеге жсанын салады. Ақыры, не керек, Орталық стадионның бір қапталында қалыптасқан аты жоқ команда республиканың жасөспірімдер біріншілігінде үшінші орынға табан тіреді. Команда бапкері – Леонид Коган.

Біріншілік біткен бойда Леонид Захарович бірнеше ойыншының атына мақтау айтты. Берікқазыны алдымен атады: мұның табиги күші өзге балалардан басым екен (алаң үстіндегі қым-қигаш айқаста қақтығысын қалғандар мұрттай ұшып жатыпты), ертеден кешке дейін жүгіртсең де өкпесі өшпейтін жалғыз ойынши осы Берікқазы Сексенбаев, тағысын тағылар... Бапкерінің мақтауы жсанына жағып барады.

Осы жарыстан кейін Абзат, Фазиз үшеуі «Еңбек» хоккей командасының қосалқы құрамына алынды. 15-16-дагы үш бозбаланың есі-дерті – негізгі құрамага қосылу. Ал бұларды елең-ескеріп жатқан маман жоқ. КСРО чемпионатының екінші тобында бақ сынайтын «Еңбектің» қосалқы құрамындағы 4-5 қазақтың қимылы бөлек. Жүріс-тұрыстары да басқа жісігіттерге ұқсамайды.

Бұлардың қолы ашық. Өзгелер ас-суын бөлісуге келгенде тартынып тұрады. Берікқазыларда мұндай әдем жоқ.

Бірде Берікқазы аласына: «Біз барымызды дастарханга саламыз. Өзгелер ондай емес», – деп еді. Анасы: «Дастарханы тарылмаған халықтың ұлысың», – деп мейірлене үн қатты. Берікқазы «Өзгелер тарылса, біз неге тарылмаймыз», – деп қарсы дау айтып еді. Анасы: «Кең болсаң, кем болмайсың», – деп ұлын маңдайынан іскеді.

Берікқазы аласының иығына басын сүйеген қалпы үнсіз жылмиды.

«Еңбектің» ғұмыры келте болды... Кілең сырттан келген хоккейшілер Қазақстанның нағыс туын берік ұстай алған жоқ. Команда тараптынды. Бұл жағдай жігіттерді сең соққандай етті. Шайбалы хоккейдің қыр-сырына енді-енді қанығып келе жатқан бозбалалар алда тағдырдың қандай сыйын күтіп тұрғанын білген жоқ.

Бес-алты қазақ баласы Орталық стадион жанындағы шағын алаңда өздерінше жеттыға берді. Ақылшы аға, жөн сілтейтін жетекші жоқ. Болашақ бұлдыр. «Еңбектегі» күндері еске түссе, індері түсіп, қабақтары ашилмайды. Бұлар енді кінге керек? Спорттың қиясында қанат қағу пешенелеріне жазылмаганы ма? «Қайраттағы», «Динамодазы» жігіттер де бала бол, ең әуелі арман құганы рас болса, бұлардың олардан несі кем? Әлде олардың тұмысы бөлек пе? Бәлкім, олар футболшы, хоккейші болып туган шыгар? Кішкентай кездерінде-ақ ала доп пен жұдырықтай шайбаны ұрықтай үйірген шыгар. Мүмкін, бұларда ұмтылыс, талап кем болар. «Еңбек» тарап кетпегендеге қай деңгейге жетер еді? Берікқазыларға салса, «Еңбекті» КСРО-ның жоғарғы тобынан бірақ шыгарар еді. Бозбала қиял, бозбала

арман КСРО-ның марқасқа командасы ЦСКА-мен иық тірестірсек дейді. Азуын айға білеген КСРО шайбалы хоккей құрамасы сапында Канадага қарсы атой салсақ дейді.

Берікқазы түсінде даңқы жер жарған Канада хоккейшілерін сең соққандай қагыстырып жүреді. Ұрган шайбасы Канада қақпасының торында жатады. Зәулім спорт сарайы «Сексенбаев, Сексенбаев!.. деп дүркіреп, дуылдан тұрады. «Қазақтың хоккейдегі күні туды!» деген асқақ ой көкірегін күмбірлеміп, көз жасы ағыл-тегіл бол агады. Оянган бойда көңіл шіркін құлазып сала береді. Қорнесін тас қып бүркеніп алғып, қыстығып жылағанын ешкім білген емес.

Екі агасы – Төлеугазы мен Жұмагазыга рахат. Екеуі де сегізінші спорт интернатындағы футбол тобында. Төлеугазы «Қайраттың» қосалқы тобына ілікті. Екеуінің қабағы ашиқ, жүзі жайдары, әңгімелері тек алабауыр доп төңірегінде. Футбол патшасы Пеле тұган нағашылары тәрізді. Екеуінің төсегінің түсында Пеленің екі суреті ілулі тұр.

Берікқазының іші қазандай қайнады. Не істей керек?

Әдеттегіше он шақты бала доп қуып жүрген. Орталық стадионның күнбатыс жасындағы шағын алаңға кілең өндірдегі жастардан тұратын көгалдағы хоккейшілер келе қалды. Берікқазы бапкер Саян Шаймерденовті бірден таныды. КСРО құрамасының бір кездегі атақты шабуышысы. Сұрмерген. Кеңес одагының көгалдағы хоккей құрамасына енген тұңғыш қазақ. КСРО-ның бірнеше дүркін чемпионы!

КСРО чемпионатының бірінші тобындағы РШВСМ-1 (республиканская школа высшего спортивного мастерства) командасы бас бапкер Иван Рогачевтің жетекшілігімен жаттығуга кіресті.

Берікқазылар алаң шетіндегі орындыққа жайгасып, хоккейшілердің қимылын бағып отыр. Бір кезде екінші

*бапкер Саян Шаймерденов Берікқазының дәл қасына тізе бүкті. Мұрты енді-енді тебіндеғен інілеріне жағалай көз тастаган Саян:*

– Біздің хоккей сендерге ұнай ма? – деп еш жатырқаусыз үн қатты. Берікқазы үнсіз ғана басын изеді.

– Кызық ойын, – деді Абзал досы.

– Сіздермен бірге жастықсақ бола ма?

*Берікқазы ешкім күтпеген сауалды ортаға тастаган-да достары аңтарылып, бір сәт Саян агаларынан көз алмай отырып қалды.*

– Болғанда қандай! Ертең осы уақытта келіңдер.

– Шәймерденовтің аузыннан мұндан мөз естімін деп ойламаған Берікқазының екі беті ду етеп қалды. Жанары үшқын атып, орнынан атып тұрды.

– Рахмет ага! Ертең келеміз!

– Келеміз! – Абзал Берікқазы досын қостап, алақанын ысқылады. Газиз екі иығын қомдап қойды.

*Куанышы қойнына сыймаган Берікқазы түннің бір уағына дейін көз ілген жсоқ.*

Бозбала қиялты қия-қияга шарқ ұрды. Қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада жүлдегері Ғұсман Қосанов ағасы алғаш әскерде жүргенде танылды.

КСРО-ның бірнеше дүркін чемпионы әрі рекордшысы Эмин Тұяқов та нағыз спорттың дәмін студент кезінде татқан екен.

Олимпиада «алтынын» қазақ жастарынан бірінші бол қанжығаға байлаган Әлжсан Жармұхамедов баскетбол добын ең алғаш он сегіз жасында үстапты.

Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіров боз кілемге он сегіз жасында шықты.

Еүл болса, әлі он алтыда. Кеш емес. Нағыз қамиши басатын сәт туган тәрізді. Анау-мынау емес, атақты Саян Шәймерденовтің өзі шақырып отыр.

Көгалдагы хоккейдің доптаяғын өмірі ұстап көрмесе де, жүрек түкпірінде өзіне беймәлім бір сенім бар. Жүгіру, секіруден РШВСМ-нің мықты жігіттерінен кем соқпайтынын біледі. Тек доптаяқтың құтиясына терең бойлауы керек. Көгалдагы хоккей әзірге жұмбақ дүние. Бірақ шешуі жоқ жұмбақ болмайды. Даңқты Марат Жексенбеков пен Саян агалары да алгашиңда бұл секілді қобалжыып, іштей қиналған шығар.

Ертеңіне уәделескен уақытта Берікқазы достарын ертіп, алаңға келді. Көгалдагы хоккей шайбалы хоккейге біршама төсеген Берікқазыны бірден баурап әкетті. Газиз досы қақпаши болсам деуші еді. Екі-үш күннен кейін көңілі соқпады ма, кім білсін, өмірдің басқа соқпагына тусты.

Басы дөңгелене иілген доптаяқ пен жұдырықтай доп Берікқазыны біржола арбады. Жатса да, тұрса да ойлайтыны – доптаяқ, доп... жаттығу... Алматының «Динамосы», Саян, Марат агалары...

Саян агасы мұны бірден бауырына тартты. Кемшилігін қалт жібермейді. Көзден таса қылмайды. «Еңбектегі» жаттығу баланың ермегі тәрізді еken. Мұнда тәртіп темірдей. Жаттығу белгілі жүйе бойынша күн санап күрделеніп барады. «Еңбектегідей» шашыраңқы, берекесіз емес. Жас ойынының өсіптольысуын көздеген бапкерлік білік, сан мәрте кесіп-пішілген, сан рет талқыга түскен сорап бар еken. Әркім өз орнын, өз міндетін біледі.

«Еңбектің» қосалқы тобында мергендігімен танылған Берікқазы шідерлі шолақ құнандай кібіртіктей берді. Ұрган добы қақпага даритын емес. Оның ұстіне техникалық шеберлігі кем. Жанкешті еңбекпен қалыптастын шеберлік шіркін бозбала Берікқазыға жеткізбейтін сағым тәрізді. Шуу дегенде алып-ұшқан көңілі бұрынғыдай емес. Күнті. Көгалдагы хоккейдің жасалына қол артатын күнге қашан жетеді?

*Саян агасының үмітін, маңдай терін ақтайды ала ма? Іште на мыстың ақ наизасы бой көтерді. КСРО-ның тогыздүркін чемпионы атанып үлгерген «Динамодагы» агаларынан қай жері кем?! Еуропа чемпиондарының кубогін Алматыға алғып келген «Динамо» – бұл дайындық тобында жүрген РШВСМ командасының түгән агасы. Ендешие, інісі агасынан кем соқпауга тиіс. Аганың жолын іні басады. Бұл – өмірдің заңы.*

*Інісінің жсан дүниесін қапысыз ұққан сұңғыла Саян жаттығу соңында әдейі қалып, бар білгенін үйретуден жалықтайды. Атақыранның қарақанаттанабастаған балапаның қия құздан итеріп жіберіп баулығаны тәрізді, Саян Берікқазы інісін жаттығуга аямай жекті. Команда жуынып-шайынып үйге қайтып бара жатқанда қос қазақ ақ тер, көк тер бол алаңда жүреді.*

*Бір айдан кейін команда басшылары Берікқазыға жиырма бес сом жалақы береді. Ол маңдай термен тапқан алғашқы табысын анасына ұсынған еді. Бұлбұлназ ұлының маңдаіынан сүйіт: «Құлыным, өз керегіце жарат», деп өзіне қайтып берді. Сол кеште Берікқазы тосегінің тұсына Саян мен Марат агаларының сурет жасасырды.*

\* \* \*

... Берікқазылар автобустан түскен бойда Олимпиада қалашығына бет алды. Біз болсақ, баспасөз орталығына асықтық. Отыз жылдан бері қазак спортының ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген Дендербай Егізов бейнеткор қалпынан өзгеретін емес. «Ауру қалса да, әдет қалмайды...» «Кодак» фирмасы берген фотоаппараты мен өңеші сорайған объективінің өзі бір адамға жүк. Ағамыз қиналмасын деп, Ермұрат екеуміз кезек көтерісеміз.

Анқамыз кеүіп, баспасөз орталығына да жеттік-ау. Жұмыр жердің әр түкпірінен жиналған журналистер ордасы құмымырсқаның илеуіндей қайнап жатыр. Әркім өз ісімен әлек. Дәл осы жерден бес құрылыштағы миллиондаған жанкүйерлерге толассыз ағылған ақпарды есептеуге ақылды машинаның миы жетер ме екен? Дәл осы сәтте жұзден аса мемлекетке сүйініші мен өкініші қат-қабат мындаған хабар жөнелтіліп жатқаны анық. Дәл қазір Барселона аспанындағы әуе толқынын тындауға құдіретіміз жетсе, жұздеген тілде саңқ-саңқ еткен дауыстан құлағымыз тұнар еді. Әне, қазақ спорттының қаламы жүйрік журналисі, «Спорт» газетінің бас редакторы Несіп Жұнісбайұлы самайынан сорғалаған терді сұртуғе мұршасы болмай, Алматыға хабар беріп тұр. Ол кісінің ар жағында түрік журналисі Ұлығ Үншал, одан әрі швед Сеге Берглунд осы бесінге дейінгі жаңалықтарды елдеріне телефонмен хабарлап жатыр.

Бір кезде Несіп Жұнісбайұлының жанары жарқ ете қалды. Ол кісінің назары ауған жаққа жарыса көз тіктік.

Телеэкранда – біздің Берікқазы! ТМД – Голландия бәсекесінің ең бір қанқызу сәттері қайталанып жатыр екен. Спорт шолушысы «Сексенбаев» дегенді ерекше сүйсініп айтады. Берікқазы атойлад жур. Оның голландықтардың қос бірдей қорғауышысын сан соқтырып, қақпаға жолбарыстай атылған сәтін тілеуің бергір теледидар қатарынан үш рет көрсетті.

Төрт қазақ кәдімгідей қоқыланып, мәре-сәре бол қалдық. Берікқазының қимылына көнілі толған Ұлығ Үншал анадайдан бас бармағын шошайтып, риясыз көнілмен жымысып қойды.

– Жаман команда жаксы ойыншының бағын байлайды, – деді Несіп Жұнісбайұлы ыстық кофеден бір үрттап қойып. – Шіркін, Берікқазы осы

Олимпиаданың чемпион құрамасына ғана лайық саңлақ қой. Әттең!..

– Егер осы шабысынан танбаса, келесі ойында Малайзия қақпасының алдын майдан қылады, – деп Ермұрат Несіп ағасының сөзін іліп ала жөнелді.

– 1972 жылғы Олимпиадада баскетболшы Әлжан Жармұхамедов әр бәсекеде қарсы шығыршыққа доп тастап отырды. Берікқазы малай қақпасының кілтін бір тауып алса, әрі қарай қамшы салдырмайды, – деп ағалардың сөзін сабактай түстім. – Берік малайлардың ойын тәсіліне қанық. Доп соғатынына күмәнім жок.

– Айтқаның келсін!

– Аузыңа май!

... Малайзия-ТМД құрамалары арасындағы ойын шілденің 28-жүлдызында Барселона уақытымен таңертенгі сағат оннан он бес минут өткенде басталды. Көгалдағы хоккей Малайзияның ұлттық спорты іспетті. Ағылшындар отарлаған жылдарда малай жастары жабыла ден қойған спорттың бірі – осы көгалдағы хоккей болатын. Малай құрамасы Үндістан, Германия, Голландия хоккейшілерімен иық тенестіре алмайды. Дегенмен, әлсіз құрама емес. Азияның мандай алдында, кейде кеуде тұсында жүреді. 1975 жылғы әлем чемпионатында хоккейшілерінің төртінші орынға табан тірегені – Малайзия мемлекеті үшін ұлттық мерекеден кем болған жок.

Ал, малай малай болғалы ағайынды Радзив, Жаланиз Сидактар кеше ғана тұңғыш рет Олимпиада медаліне қол жеткізді. Радзив пен Жаланиздің Барселона олимпиадасындағы қола жүлдесі хоккейші бауырларын арқаландырып, шабыттандырғаны анық. Ендеше, бүгін жан алып, жан беріскең айқасқа күә болатын шығармыз.

Қателесеппіз. Екі құрама ә дегеннен үрдіс кимылға көшті. Малай жігіттері жұтынып-ак тұр